

6. Қалиев С. «Европа ғалымдары қазақ халқының мәдениеті туралы». - А.: Рауан, 1992.
7. Ғабдуллин М. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті». – Алматы: Мектеп, 1976.
8. Ұзақбаева С. «Тамыры терең тәрбие»- Алматы, 1995.
9. Аманова Ғ. «Халықтық педагогика-даналық мектебі»-Алматы, 2012.

ӘОЖ 37.014

<https://doi.org/10.53355/r7409-0365-3884-x>

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДАҒЫ ОҚУЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Шакирова Ж.Д., «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4-курс студенті
Оспанбекова М.Н., PhD, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық
институтының доценті

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық қ.

E-mail: Meirgul1976@mail.ru, zhazira.shakirova@mail.ru

Мақалада Қазақстан Республикасының білім беру саласын дамытуға арналған мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттар негізге алынып, қарастырылып отырған мәселелерге бойынша жазылған ғылыми еңбектерге талдау жасалған. Оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын жаңартылған мазмұндағы оқулықтар негізінде қалыптастыру мәселесі қарастырылған.

Тірек сөздер: *Дүниетану, ұлттық құндылық, бастауыш сынып, жаңартылған білім беру бағдарламасы.*

В статье проанализированы научные работы по рассматриваемым вопросам на основе государственного регулирования развития образования в Республике Казахстан. Рассмотрен вопрос формирования национальных ценностей учащихся на основе обновленных учебников.

Ключевые слова: *познание мира, национальные ценности, начальная школа, обновленная образовательная программа.*

The article analyzes scientific works on the issues under consideration on the basis of state regulation of the development of education in the Republic of Kazakhstan. The issue of formation of national values of students on the basis of updated textbooks is considered.

Key words: *knowledge of the world, national values, primary school, updated educational program.*

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық мәселелер білім беру мәні мен оның түпкі нәтижесін қайта қарауды қажет етуде. Қазіргі таңда білімділік, шығармашылық ізденіске қабілеттілік сынды тұлғалық сапалары қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеп қалыптастыру еліміздегі саясаттың, мәдени дамудың түпкі негізіне айналып отырған уақыттағы қажеттіліктен туындап отырғаны бәрімізге аян.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіріп, баланың қоршаған ортадағы қарым – қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру керек», - деген. Осы айтылған Тұжырымдамада: «...Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасаты, ар-ожданы бар, еңбекқор, іскер, бойында басқада игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу» делінген [1].

Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасына да оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру мәселесіне басымдылық берілген. [2].

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде 2016 жылы әзірленген бастауыш сыныптардағы «Дүниетану» пәндері бойынша білім беру бағдарламасында: «Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алуды» сияқты білім берудің басты құндылықтарды білім алушыларға дарыту негізі болып табылады. Бұл құндылықтарды білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс», - деп көрсетілген [3].

Осы бағдарламада оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын «Дүниетану» оқу пәні аясында қалыптастыруға бағытталған оқытудың мақсаты мен міндеттері: Қазақстанның және бүкіл әлемнің тарихи және қазіргі оқиғалары, олардың себептері, өзгерістері, сабақтастығы, ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы білім қалыптастырады; өз халқының және өзге халықтардың мәдениетін, дәстүрін сыйлай білу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтеу сезімін қалыптастырады; білім алушылардың қазіргі қазақстандық қоғамға тән ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесіне дағдыландыру – деп нақты айқындалған[3].

Бұдан шығатын қорытынды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамытуға, адамгершілік пен салауатты өмір салтын берік негіздерін қалыптастыруға негізделеді.

Жалпы ғылымда «құндылық», «ұлттық құндылық» мәселелері ғылыми еңбектерде жан-жақты қарастырылып, талдаулар жасалған. Қ.Жарықбаевтың пайымдауынша, құндылық тұлға іс-әрекетінің барлық түрінде маңыздылығы, пайдалылығы, қажеттілігі арқылы көрініп отырады да іс-әрекетін, мақсат-мұраттарын, себеп-салдарын анықтап, олардың іске асуына ықпал етеді және жеке тұлғаны қалыптастыруға тигізетін әсері де мол болады [4].

Г.Аңламасованың «Мектеп оқушыларын адамгершілік құндылықтар негізінде әлеуметтендіру» тақырыбындағы ғылыми еңбегінде ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтардың оқушыны әлеуметтендіруге тигізетін әсеріне жан-жақты талдау жасалған. Ғалым халқымыздың болмысына тән ізгілік, ар-ұят, имандылық, отбасы татулығы секілді өмірлік мәні бар құндылықтардың әрбір жеке адамның бойынан табылуына ерекше көңіл бөледі [5].

Ғалым Н.Мұхамединованың пайымдауынша, ұлттық құндылық белгілі бір ұлтқа тән, адам болмысындағы, қарым-қатынасындағы адами құндылықтың, ұлылықтың жетілген бейнесі [6].

Біздің пайымдауымызша, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу оқу мен оқытуда жүзеге асаырылатын процестерде орын алады. Сонымен қатар жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында әзірленген оқулықтарда оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын дамытуға бағытталған.

Біз көтеріліп отырған мәселе негізінде жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында әзірленген «Дүниетану» оқулығына әдістемелік тұрғыдан талдау жасай отырып, пәнді оқыудың мақсат-міндеттеріне сәйкес оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруға арналған оқу материалдары жүйелі, бірізділікпен, өзара сабақтастықпен берілгенін айқындадық.

Оқулықта оқушылардың ұлттық құндылығын бағдарын, тәрбиелік әлеуетін дамытуда «Менің туған өлкем» тақырыбындағы оқу материалдарының мазмұны табиғатқа және қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікті, әсемдікті сезіндіруге жетелеп, еңбексүйгіштік және еңбек адамына деген құрмет сезімдерін қалыптастыруға бағытталған.

«Отбасы өмірі», «Менің отбасым» тақырыбындағы бөлімдерде отбасылық дәстүрлерді құрметтеу, отбасы мүшелерінің қамқорлық арақатынасын, үлкендерге құрмет

және кішіге қамқор болу, мейірімділік пен өзара көмекке, жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын сақтауға бағытталады. Яғни, «Отбасы – ең қымбат байлығың» ретінде нақтыланған.

Отанға және туған өлкеге деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімдерін тәрбиелейтін оқу материалдары қазақстандық қоғам және мемлекет мүдделерімен, Қазақстанның тарихымен, мәдени, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-технологиялық дамуымен, елдің рухани және табиғи байлықтарымен, Қазақстанның қала және ауыл тұрғындарының әлеуметтік-мәдени өмірімен, салт-дәстүр және ауыз әдебиетімен байланыста берілген.

Мысалы оқулықтағы «Менің ататегім» тақырыбына берілген оқу материалдары жүйеленіп, оқушының жас екешенлігін ескере отырып нақты берілген. Оқулықта «Ата-ана», «ататек» ұғымдарының мәнін ашатын ақпарат беріп, туыстық қарым-қатынас туралы түсініктерін сюжетті суреттердің көмегімен жүзеге асырады. Ұлттық құндылығымыз ата-әжені, ата-анаыны құрметтеу, туыстар арасындағы сыйластыққа бағытталған тапсырмалар топтық, жұптық жұмыс түрлерімен сұхбаттасу, пікір алмасу әдістері арқылы ұсынылып отырған [7].

Бұдан шығатын қорытынды оқулық мазмұны тәжірибеге бағдарланған. Игерілген білімді өмірде қолдануға бағыттайтын оқу материалдары оқу-танымдық қызметте, оқушының берілген ақпараттарды бақылап, салыстыруға, теориялық игерген білімдерін тәжірибемен байланыста қарастыра келе, дағдылар мен икемділіктерді қалыптастыруға ден қойылған.

Оқушылардың ұлттық құндылығын бағдарын қалыптастыруда білім алушылардың материалдарды зерделеуге және пайдалануға бағытталған тапсырмалар жоғары деңгейде қамтылған. Оқулықта оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуда «Бақылап көр», «Зерттеу жүргізіп көр», «Талқыла, әңгімеле», танымын кеңейтуде «Сен білесің бе?» айдарларымен берілген шартты белгілері бар тапсырмалар ұсынылған. Сонымен қатар білім алушылардың тұрғылықты жері бойынша материалдарды зерделеуге және пайдалануға бағытталған тапсырмалар мазмұны іздену жұмыстарын жүргізуге негіз болады. Оқушылардың жобалау-эксперименттік жұмыстары зерттеу тапсырмаларын орындау барысында жүзеге асырылған. Демек, бұл бағытта берілген тапсырмалар оқушылардың ұлттық құндылығын бағдарынқалыптастыруға толықтай негіз бола алады.

Қорыт келе біз, оқу мазмұнын анықтайтын пәндік бағдарламалар мен оқулықтарға талдау жасау негізінде оқу мен оқытуда оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру мәселесін үйлесімділікпен, бірізділікпен жүзеге асыру бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби біліктілігі мен шеберлігі де байланысты деп ой түйдік.

Бастауыш сыныпта оқу мен оқытуда оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру сабақ құрылымының мазмұнымен айқындалады. Белгілі бір пән аясында игерілетін білімдер оқушылардың танымдық әрекетін қалыптастыра отырып, олардың бойындағы ұлттық құндылықтар қатарының артуына ықпал етеді. Ұлттық құндылық бағдар – тұлғаның оқу мен оқытуда игерген білімдерімен өмірлік тәжірибесімен бекітілген тұлғаның ішкі құрылымының маңызды бөлігі болып табылады. Оқу процесінде оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру үшін оның жас ерекшелігін, психикалық жағдайын ескеру керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда. <http://online.zakon.kz>.
2. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 2016 жылғы 1наурыздағы №205 Жарлығы. <http://edu.gov.kz>.
3. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде бастауыш сыныптардағы «Дүниетану» пәндері бойынша білім беру бағдарламасы. 2016ж.
4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Алматы: Рауан, 1994- 1т.320б.

5. Аңламасова Г.А. Мектеп оқушыларын адамгершілік құндылықтар негізінде әлеуметтендіру: пед. ғыл. канд...дисс.-Алматы, 2005. – 159б.
6. Мұхамединова Н.А. Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының мұраларындағы ұлттық құндылықтар негізінде оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу: пед.ғыл.канд... автореф.-Алматы, 2006. – 276.
7. Дүниетану. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық// Тұрмашева Б.Қ. ... –Алматы: Атамұра, 2017. – 112 б.

ӘОЖ 159.9

<https://doi.org/10.53355/e5428-2424-6378-a>

ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шатырбаева Ш.А.

Ғылыми жетекші: Унгарбаева Ш.У., п.ғ.к.

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті, Талдықорған қ.

E-mail: shshatyrbayeva@mail.ru, shnar09_76@mail.ru

Мақалада жасөспірімдердің агрессиялық мінез-құлқының ерекшеліктері мәселесі қарастырылған.

Тірек сөздер: жасөспірімдер, агрессия, агрессивті мінез-құлық, агрессивті жасөспірімдер.

В статье рассматриваются особенности агрессивного поведения подростков.

Ключевые слова: подростки, агрессия, агрессивное поведение, агрессивные подростки.

The article discusses the features of aggressive behavior of adolescents.

Key words: teenagers, aggression, aggressive behavior, aggressive teenagers.

Қазіргі қоғамда агрессивті мінез - құлықты басқару және баланың агрессивтілігінің көрінісін бақылау мәселесі кез-келген жас кезеңінде әр түрлі мамандардың-психологтардың, психиатрлардың, әлеуметтанушылардың, мұғалімдердің назарын аударады. Адамның жеке құрылымындағы агрессивтілік мінез - құлықтың әртүрлі формаларын қалыптастырудың алғышарты болып табылады. Олар: конструктивті, әлеуметтік позитивті, просоциалды немесе керісінше-деструктивті, іс-әрекетке асоциалды және қоғамға қарсы сипат береді[1]. Қазіргі ғылыми мәліметтерде агрессивті жасөспірім, ең алдымен, қалыпты тұқым қуалаушылықпен сипатталатын қарапайым бала болып көрінеді, ал тәрбие жұмысындағы кемшіліктердің, қоршаған ортадағы қиындықтардың әсерінен агрессивтіліктің белгілері пайда болады. Жасөспірімнің агрессивтілігінің дамуына оның темпераментінің табиғи ерекшеліктері де әсер етеді. Мысалы, темперамент, ашуланшақтық, өзін ұстай алмау және арандату жағдайлары сияқты мінез-құлық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін эмоциялардың қозғыштығы мен күші болып табылады. Көптеген зерттеулер отбасында және мектепте білім беру желісінің балалардағы агрессивтіліктің пайда болуына әсерін анықтауға бағытталған. Осы зерттеулердің негізінде Бандура мен Уолтере (Bandura A., Walters R., 1959) жүргізген сауалнама мен өмірлік бақылау нәтижелері, егер аналар балаларының агрессивті әрекеттеріне немқұрайлы қараса және тіпті оларды байқамайтындай әрекеттер жасаса, онда балалар одан да агрессивті болады деген пікір айтады[2]. Ал, (Eron Z., Walder Z., Torgo R., Zefkourtz M., 1963) еңбектерінде, өте қатаң жазаға ұшыраған балалар жолдастарына қарағанда агрессивті болатынын көрсетілген. Сонымен қатар, (Scars M., Maccoby E., Zevin H., 1957). еңбегінде агрессивті мінез-құлық үшін изикалық жазалар балалардың қатыгездігін, агрессивтілігін арттыратындығы көрсетілген.